

«Саяхаттағы жоғары жайлылық» акциясының ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

Акция - «Bereke Bank» АҚ-та өткізілетін Mastercard World Elite төлем карталары бойынша меркетингтік акция (бұдан әрі – «Акция»)

Банк – «Bereke Bank» АҚ Акция ұйымдастырушысы болып табылады.

Карта - Банк Клиенттің атына шығарған Mastercard World Elite төлем картасы.

Акцияны өткізу кезеңі - 11.05.2026 жылдан бастап 31.10.2026 жылға дейін.

Тарифтер - Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жарияланған Жеке тұлғаларға, Заңды тұлғаларға және Жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсету тарифтері.

Акцияға қатысушы – Mastercard World Elite премиум картасы бар Банктің жаңа және қолданыстағы клиенттері.

1. Акцияға қатысу талаптары:

1.1. Акцияның өткізілу кезеңінде Картаның иесі болу немесе Картаны шығару және келесі шарттардың бірін орындау:

- 1.1.1. Банктегі бір немесе бірнеше Mastercard картасында Акция кезеңінің әр айында кемінде 500 мың теңге мөлшерінде төмендетілмейтін қалдықты сақтау*;
- 1.1.2. Банктегі бір немесе бірнеше Mastercard картасында Акция кезеңінің әр айында кемінде 2 млн теңге мөлшерінде төмендетілмейтін қалдықты сақтау*.

2. Акция шеңберіндегі сыйақылар

2.1. Акция шеңберінде Қатысушыға өз таңдауы бойынша осы Ережелердің 1-тармағында көзделген Акцияға қатысу шарттарын орындаған айдан кейінгі айда Картамен жасалған сатып алуларды өтеу мүмкіндігі беріледі (бұдан әрі әрқайсысы жеке-жеке – Артықшылық):

2.1.1. ұшуға дейінгі тексеруден өткеннен кейін әуежай аумағында орналасқан мейрамханаларда;

2.1.2. Қазақстандық ұялы байланыс операторларының (Tele2, Altel, Kcell, Activ, Beeline, IZI) 30 күнге дейінгі роуминг пакеті үшін;

2.1.3. шетелде <https://kiwitaxi.ru>, Uber, Яндекс Go және Grab сервистері арқылы трансфер төлемі үшін;

2.1.4. Алматы және Астана әуежайларындағы автотұрақ орындарына төлемге байланысты шығындар.

2.2. Артықшылықтар клиент Акция шарттарын орындаған әр ай ішінде ұсынылады:

2.2.1. Ережелердің 1.1.1-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда – айына 1 (бір) Артықшылықтан артық емес;

2.2.2. Ережелердің 1.1.2-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда – айына 2 (екі) Артықшылықтан артық емес.

2.3. Әуежай аумағында ұшуға дейінгі тексеруден өткеннен кейін орналасқан мейрамханаларда Картамен жасалған сатып алуларды өтеу:

2.3.1. Өтемақыны (бұдан әрі — Бонус) алу үшін Қатысушыға Акция өткізу кезеңінде:

- Мейрамханаға барған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде банктің қосымшасындағы чатқа отырғызу талонын ұсыну қажет;
- Отырғызу талоны Қатысушының атына рәсімделуі тиіс;
- Мейрамханаға бару күні мен отырғызу талонындағы ұшу күні арасындағы айырмашылық бір тәуліктен аспауы тиіс;
- Өтемақы бір отырғызу талоны мен бір чекке бір рет қана беріледі.

2.3.2. Өтемақының ең жоғары саны мен сомасы:

• Ережелердің 1.1.1-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір отырғызу талоны үшін ең жоғары Бонус сомасы айына 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды;

• Ережелердің 1.1.2-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір отырғызу талоны үшін ең жоғары Бонус сомасы айына 2 (екі) реттен артық емес, әрқайсысы 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды.

2.3.3. Қатысушыға Бонус тек ұшу қаласындағы Мейрамханада сатып алу жасалған жағдайда ғана беріледі. Егер сатып алу келу қаласындағы Мейрамханада жасалса, Қатысушыға Бонус берілмейді.

2.6. Қазақстандық ұялы байланыс операторларының (Tele2, Altel, Kcell, Activ, Beeline, IZI) 30 күнге дейінгі роуминг пакеті үшін Картамен жасалған төлемді өтеу:

2.6.1. Өтемақыны (бұдан әрі — Бонус) алу үшін Қатысушыға Акция өткізу кезеңінде:

- Роуминг пакетін сатып алған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде банктің қосымшасындағы чатқа жазып, өтемақы сұрау қажет;
 - Өтемақы бір төлем үшін бір рет қана беріледі.
- 2.6.2. Өтемақының ең жоғары саны мен сомасы:
- Ережелердің 1.1.1-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір роуминг пакеті үшін ең жоғары Бонус сомасы айына 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды;
 - Ережелердің 1.1.2-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір роуминг пакеті үшін ең жоғары бонус Бонус сомасы айына 2 (екі) реттен артық емес, әрқайсысы 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды.
- 2.7. Картамен шетелде <https://kiwitaxi.ru>, Uber, Яндекс Go және Grab сервистері арқылы трансфер төлемін өтеу:
- 2.7.1. Өтемақыны (бұдан әрі — Бонус) алу үшін Қатысушыға Акция өткізу кезеңінде:
- <https://kiwitaxi.ru>, Uber, Яндекс Go және Grab сервистері арқылы шетелде трансфер үшін төлем жасалған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде банктің қосымшасындағы чатқа жазып, өтемақы сұрау қажет;
 - Өтемақы бір сапар үшін бір рет қана беріледі.
- 2.7.2. Өтемақының ең жоғары саны мен сомасы:
- Ережелердің 1.1.1-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір төлем үшін Бонус сомасы айына 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды;
 - Ережелердің 1.1.2-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір төлем үшін Бонус сомасы айына 2 (екі) реттен артық емес, әрқайсысы 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды.
- 2.8. Bereke қосымшасы арқылы төленген Алматы және Астана әуежайларындағы автотұрақ орындарына байланысты Картамен жасалған операцияларды өтеу:
- 2.8.1. Өтемақыны (бұдан әрі — Бонус) алу үшін Қатысушыға Акция өткізу кезеңінде:
- Төлем жасалған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қосымшадағы чатқа жазып, өтемақы сұрау қажет;
 - Өтемақы бір чек үшін бір рет қана беріледі.
- 2.8.2. Өтемақының ең жоғары саны мен сомасы:
- Ережелердің 1.1.1-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір чек үшін ең жоғары Бонус сомасы айына 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды;
 - Ережелердің 1.1.2-т. сәйкес қатысу шарты орындалған жағдайда, бір чек үшін ең жоғары Бонус сомасы айына 15 000 (он бес мың) теңгеден аспайды;
- 2.9. Егер Қатысушы «Premier», «First» және «Exclusive» қызмет пакеттері бойынша Bereke артықшылықтар бағдарламасы аясында бизнес-залды пайдаланса немесе трансфер қызметін қолданса және осы Акция шеңберінде Артықшылықтарды пайдаланса, Банк Бонусты бермеуге құқылы.
- 2.10. Банк Бонусты Қатысушының Картасына келесі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін аударады.
- 2.11. Осы Акция аясында есептелетін Бонустар, егер маркетингтік акция шарттарында өзгеше көзделмесе, Банктің басқа маркетингтік акциялары шеңберінде ұсынылатын ұқсас бонустармен қосылмайды. Екі немесе одан да көп акцияға қатысқан жағдайда, тиісті акциялардың шарттарында өзгеше көзделмесе, Қатысушыға Банктің қалауы бойынша бір ғана бонус беріледі.
- 2.12. Акция кезеңі аяқталғаннан кейін Картаның алдағы артықшылықтары Банктің бағдарламалары мен тарифтерінің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.13. *Клиент тиісті төмендемейтін қалдықты кемінде 21 күн бойы сақтауы тиіс.

3. **Өзге талаптар**

- 3.1. Банк Акция қатысушыларын Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы.
- 3.2. Сонымен қатар Банк Акцияға қатысушыларға Ережелердің өзгеруі туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну жолымен хабарландыруға да құқылы.
- 3.3. Акцияға қатысушылар Акция Ережелерімен және <https://www.berekebank.kz> мекенжайы бойынша орналасқан өзекті өзгертулермен өз бетінше танысады.

- 3.4. Банк еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Акция қатысушыларына мұндай шешім туралы алдын ала хабарландырмай, өз жеке қалауы бойынша Акцияны өткізуді біржақты тәртіппен тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.
- 3.5. Банк Акция қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.
- 3.6. Ережелерге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және Карта ұстаушыларға қатысты қолданылады. Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа Ережелермен келісуін білдіреді.
- 3.7. Алаяқтық немесе адал емес әрекеттер анықталған жағдайда Банк сыйақы беруден бас тартуға немесе ұсынылған артықшылықтарды Акцияға қатысушыны хабардар етпестен жоюға құқылы.